

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

ЗАНДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2019 ж. 17.05 откізді

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

17.05.2019 г.
БСН/БИН

«Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»

Акционерлік қоғамы
жылдық акционерлердің жалпы
жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

2023 жылғы 30 мамырдағы шешімі

УТВЕРЖДЕН

Решением годового общего собрания акционеров
Акционерного общества

«Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»
от 30 мая 2023 года

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН

ТОЛЬКО НА ЧИСТАЯМ ПУТИ

2023 ж. 08.08.23

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВНЕШНИ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
И УЧРЕДИТЕЛЬНЫМ ДОКУМЕНТАМ

08.08.23

«Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»

Акционерлік Қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

Акционерного общества

«Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»

Алматы, 2023

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

«Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» (әрі қарай Қоғам) Акционерлік қоғамының осы жарғысы Қоғамның басқару органдарының құқықтық мәртебесін, құрылу тәртібін, қызметін, қалыптастырылуы мен құзырын, Қоғамның қайта құрылу мен таратылу шарттарын және оның қызметіне байланысты басқа да мәселелерді анықтайды.

1-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1. Қоғамның ресми атауы:

Толық атауы:

- мемлекеттік тілде - «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» Акционерлік Қоғамы;
- орыс тілінде - Акционерное общество «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;
- ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;

Қысқаша атауы:

- мемлекеттік тілде - «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ;
- орыс тілінде - АО «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;
- ағылшын тілінде: JSC «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;

1.2. Қоғамның және оның атқарушы органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл Фараби даңғылы, 17, 4Б бөлім, 705 офис.

1.3. Қоғамның қызмет көрсету мерзімі шектелмеген.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Қоғам «Tengri Capital MB» қоғамының құқықтық мұрагері болып табылады.
- 2.2. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаржы жинау мақсатында акция шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады.
- 2.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, осы Жарғыға, белгіленген тәртіпте қабылданған ішкі ережелерге, жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешіміне және Қоғамның басқа басқару органдары өз құзыреттері шеңберінде қабылдаған шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.
- 2.4. Қоғам өз акционерлері мүліктерінен бөлек мүлікке ие, және олардың міндеттері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттері бойынша тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.
- 2.5. Қоғамның қатысушылары (акционерлер) қоғамның міндеттері бойынша жауап бермейді және қоғам қызметіне байланысты тәуекел шығындарды өздеріне тиесілі акциялар шеңберінде ғана көтереді.
- 2.6. Қоғам өз акцияларын олардың шығуы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін аукцион және/немесе жазылу арқылы орналастыруға құқылы. Қоғамның акционерлері өздеріне тиесілі акцияларын басқа акционерлердің келісімінсіз иеліктен шығаруға құқылы.
- 2.7. Қоғам акционерлерінің саны шектелмеген.
- 2.8. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде олардың ашылу орны заңдарына сәйкес еншілес және тәуелді қоғамдар және серіктестіктер, филиалдар, өкілдіктер, бірлескен кәсіпорындар құруға; қатысу үлесін немесе акцияларын алу арқылы немесе кез келген басқа да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына қайшы келмейтін жолдармен басқа қоғамдарға және шаруашылық серіктестіктерге және басқа да коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымдарға қатысуға құқылы.
- 2.9. Қоғамның жеке балансы, мөрі, банктерде шоттары, соның ішінде валюталық шоттары бар. Қоғам өз тауар белгісіне және символикасына ие, олардың үлгілері Қоғаммен бекітіледі және қажет болған жағдайда заңдармен белгіленген тәртіпте тіркеледі.
- 2.10. Қоғам заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық, сондай-ақ шетелдік валюталардағы несиелерді пайдалану құқына ие.
- 2.11. Қоғам кез келген мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерді көтеруге, сотта және аралық сотта шағым беруші, жауап беруші және үшінші тұлға болуға құқылы.
- 2.12. Қоғам сыртқы экономикалық операцияларды дербес атқаруға, соның ішінде қызметі үшін қажетті экспорттық және импорттық мәмілелерді жасауға құқылы.
- 2.13. Қоғам өз қызметі үшін қажетті жайларды, жерді, кез келген жылжымалы және жылжымайтын мүлікті салуға, иеленуге, жалға алуға, беруге құқылы.

3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРІ

- 3.1. Қоғамның негізгі қызметі мен құрылу мақсаты жеке және заңды тұлғалардың тауарлардағы және қызметтердегі сұраныстарын қанағаттандыру, сондай-ақ акционерлер мүддесіне барынша пайда әкелу болып табылады.

- 3.2. Қоғамның негізгі қызмет түрлері:
- a) клиенттердің шоттарын жүргізу құқы бар номиналдық ұстаушы ретіндегі брокерлік және дилерлік қызмет;
 - b) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша брокерлік және дилерлік қызметпен сыйысатын бағалы қағаздар нарығындағы басқа да кәсіпқой қызметтер;
 - c) инвестициялық-консультациялық қызмет көрсету;
 - d) жобаларды қаржылауды, соның ішінде қаржылау көздерін бағалау және синдицирленген жобалы қаражаттауды ұйымдастыру;
 - e) акционерлік, салалық және экономикалық мәселелер бойынша зерттеулер өткізу, соның ішінде бағалы қағаздар мәліметтерінің базасын құру және зерттеу қорытындыларын жүйелі түрде жариялау;
 - f) ақпараттық, аналитикалық және кеңестік қызметтер;
 - g) қаржы нарығындағы қызмет көрсету аясында көрсетілетін болса басқа да қызметтердің түрлері.
- 3.3. Қоғам өзінің негізгі қызметіне жету үшін басқа да қызмет түрлерін, егер ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына қайшы келмесе және тыйым салынбаған болса, жүзеге асыру құқығы бар.
- 3.4. Барлық аталған қызмет түрлерін Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде және қажет болған кезде тиісті лицензияларды, сондай-ақ өзге рұқсаттарды, сертификаттарды, Қазақстан Республикасының осыған уәкілетті мемлекеттік органдарының рұқсат берулерін алған соң жүзеге асырады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, МҮЛКІ ЖӘНЕ ҚОРЛАРЫ

- 4.1. Қоғамның Жарғылық капиталының ұлғаюына жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) немесе соттың шешімі бойынша қосымша акциялар шығару және орналастыру арқылы рұқсат етіледі.
- 4.2. Қоғамның орналастыратын акцияларына төлем тек қана ақшалай Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында енгізіледі.
- 4.3. Қоғам мүлкі Қоғам қызметін, соның ішінде осындай қызмет нәтижесінде пайда болатын Қоғам міндеттерін қамтамасыз етуге арналған.
- 4.4. Қоғам мүлкі Жарғылық капиталдан, қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістерден және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған және Қоғамға меншік құқығы негізінде тиісті басқа да мүліктерден тұрады.
- 4.5. Қоғам жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) анықтаған тәртіпте өндіріс және тұтыну қажеттіліктеріне қажет қорлар құруы мүмкін.

5-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ

5.1. Қоғамның бағалы қағаздары туралы жалпы ережелер

- 5.1.1. Қоғам жай акциялар, немесе жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
- 5.1.2. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олар бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.
- 5.1.3. Акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.
- 5.1.4. Қоғам басқа да құнды қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.
- 5.1.5. Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын, басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларға немесе басқа құнды қағаздарға төлем жасауды акционер акцияларды орналастыруды бастау күнінен кейін тоқсан күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.
- 5.1.6. Егер Компания жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ уәкілетті органның талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген пруденциялық және өзге нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында сатып алынған акцияларды сатуға ынта білдірсе, акцияларды орналастыру туралы шешім қабылданған күннен кейін, бес жұмыс күні ішінде құнды қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген орналастыру (сату) бағасы бойынша қолда бар акциялардың санына барабар тең жағдайлармен құнды қағаздарды сатып алу туралы өз акционерлеріне жазбаша хабарлама немесе қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы ұсынуға міндетті. Акционер Қоғамның акцияларды орналастыру (сату) туралы жариялауы күнінен кейін бес жұмыс күні ішінде акцияларды немесе басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес Қоғам акцияларына айырбасталған өзге құнды қағаздарды сатып алуға өтінім беруге құқылы.
- 5.1.7. Басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынған қаржы ұйымының акцияларына төлем жасауды акционер оларды сатып алуға арналған өтінімді берген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге

- асырады. Қоғамның қарапайым акцияларына конвертация жасалатын акцияларға немесе басқа құнды қағаздарға төлем жасалмаған жағдайда, аталған мерзім аяқталған соң, өтінім жарамсыз деп есептелінеді.
- 5.1.8. Акциялардың орналастырылуын акционерлер Қоғамның қарапайым акцияларына конвертация жасалатын акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды басымдықпен сатып алу, жазылу немесе құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін аукцион немесе жазылу немесе құнды қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін аукцион құқығын іске асыру арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қоғамның құнды қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін Қоғам акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырады.
- 5.1.9. Акцияларды орналастыру кезінде Қоғамға тыйым салынады:
- 1) орналастырылатын акцияларды сатып алуға;
 - 2) Қоғамның орналастырылатын акцияларын сатып алуға арналған Қоғамның құқығы немесе міндеттемесі көзделуі олардың шарты болып табылатын шарттар жасауға (шығарылатын құнды қағазды сатып алу).

5.2. Акциялардың түрлері

- 5.2.1. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде, акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 5.2.2. Айрықша акциялардың иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда Қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.
- 5.2.3. Қоғамның айрықша акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.
- 5.2.4. Белгіленген жағдайларды қоспағанда, айрықша акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:
- a) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы шешілуі айрықша акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Мұндай мәселе бойынша шешім айрықша акционерлердің жалпы санының кем дегенде үштен екісіне шектеу үшін дауыс берілген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі;
 - b) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;
 - c) айрықша акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткеннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе.
- 5.2.5. Қоғам бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастауды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы Қоғамның екінші түрдегі акцияларына айырбастау шарттарын, мерзімдерін және тәртібін акцияларды шығару проспектісі және Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілейді.

5.3. Қоғамның айырбасталатын құнды қағаздары

- 5.3.1. Қоғам айырбасталатын құнды қағаздарды шығаруға құқылы.
- 5.3.2. Қоғамның акцияларға айырбасталатын құнды қағаздарын шығаруға Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі.
- 5.3.3. Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын құнды қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.
- 5.3.4. Қоғамның бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау мынадай құжаттардың бірінің:
- 1) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспектісі;
 - 2) егер қоғам дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспары негізінде жүзеге асырылады.
- 5.3.5. Егер бұрын қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды орналастырған кезде акционерлерге осы бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы берілсе, осы бағалы қағаздар шығару проспектісі негізінде бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастау кезінде қоғамның акционерлеріне акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы берілмейді.
- 5.3.6. Бағалы қағаздар банктің активтері мен міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімі аясында немесе қоғамның оңалту процесінде қоғам акцияларына айырбасталатын жағдайда, егер қоғам дәрменсіз борышкер болып табылса, басымдықпен сатып алу құқығы акцияларын бағалы қағаздарды және (немесе) қоғамның ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы орналастырған кезде банктің (қоғамның) акционерлеріне берілмейді.
- 5.3.7. Қоғам бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастауға, осындай айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыратын қоғам акционерлеріне (акцияларды сатып алуды жоспарлайтын тұлғаларға) қатысты белгіленген талаптарды орындаған жағдайда құқылы.

Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастауға тыйым салынады.

5.4. Құнды қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесі

- 5.4.1. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін енгізуді орталық депозитрайі жүзеге асырады.
- 5.4.2. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін енгізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленеді.
- 5.4.3. Қоғам уәкілетті органға Қоғамның акциялар шығаруын мемлекеттік тіркеу мақсатында құжаттар ұснғанға дейін, Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін енгізу бойынша қызмет көрсету туралы Қоғамның тіркеушісімен шарт жасасуға міндетті.
- 5.4.4. Қоғам орналастырылатын акцияға толық төлем жасағанға дейін осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі (атаулы ұстаушыны есепке алу жүйесіне) оны сатып алушының шотына есепке енгізуге бұйрық беруге құқығы жоқ.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

6.1. Қоғамның дивидендтер туралы жалпы ережелері

- 6.1.1. Айрықша акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Қоғамның акциялары бойынша дивидендтері, Қоғам жалғыз акционер (акционерлерінің жалпы жиналысы) дауыс беретін акциялардың қарапайым көпшілігімен қабылдаған дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау шартымен, ақшалай немесе Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді.

Қоғамның айрықша акциялары бойынша құнды қағаздарымен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.
- 6.1.2. Қоғамның акциялары бойынша оның құнды қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде, осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигацияларымен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.
- 6.1.3. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күнінде жасалуға тиіс.
- 6.1.4. Заңнамалармен және (немесе) акцияларды иеліктен шығару туралы шартта, өзгеше көзделмесе, төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен шығару оларды акциялардың жаңа меншік иесінің алу құқығымен жүзеге асырылады.
- 6.1.5. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуі төлем агенті арқылы іске асырылады. Төлем агентінің қызметтеріне төлем жасау Қоғам есебінен іске асырылады.
- 6.1.6. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 6.1.7. Қоғамның жай және айрықша акциялары бойынша дивидендтер есептеу:
 - a) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;
 - b) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкротқа ұшырау туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болған кезде жол берілмейді;
 - c) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.
- 6.1.8. Акционер Қоғам берешегінің түзілу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтер төлеуді талап етуге құқылы.
- 6.1.9. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін өсімақы төленеді.

6.2. Жай акциялар бойынша дивидендтер

- 6.2.1. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек тиісті кезең үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізгеннен кейін және Қоғамның жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешімімен ғана жүзеге асырылады. Қоғамның жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивидендтің мөлшері көрсетіледі.
- 6.2.2. Қоғамның жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 6.2.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде мынадай мәліметтер болуға тиіс:
 - a) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге деректемелері;
 - b) дивидендтер төленетін кезең;
 - c) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;

- d) дивидендтер төлеудің басталу күні;
- e) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны;
- f) төлем агентінің атауы (төлем агенті болса).

6.2.4. Дивидендтерді төлеу жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысы) қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап тоқсан күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

Қоғамдағы акционердің немесе бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі ағымдағы мәліметтер туралы ақпарат болмаған кезде, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде, орталық депозитарийде ашылған шотқа талап етілмеген ақшаны тәртіпте жазып алу үшін қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

6.3. Айрықша акциялар бойынша дивидендтер

6.3.1. Қоғамның айрықша акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді. Айрықша акцияға дивидендтер төлеу кезеңділігі және дивидендтің мөлшері Қоғамның Жарғысымен белгілінеді. Дивидендтерді төлеу дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күнінен кейін тоқсан күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. Қоғамдағы акционердің немесе бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде туралы ақпарат болмаған жағдайда, компанияның айрықша акциялары бойынша дивидендтерді төлеу осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімде орталық депозитарийде ашылған шотқа талап етілмеген ақшаны белгіленген тәртіпте тіркеуге жатады. уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

6.3.2. Айрықша акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу дивидендтер алуға құқығы бар акционерлерге айрықша акциялар бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін және Қоғам акционерлерінің тізілім жүйесінде нақты мәліметтер болғанға дейін жүргізілмейді.

Айрықша акциялар бойынша дивидендтің кепілді көлемі белгіленген мәнде де, кез-келген индикаторға қатысты индекстелуімен де белгіленуі мүмкін, егер оның мәндері тұрақты және жалпы қол жетімді болса.

Қоғам артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзіміне дейін бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде қаржы есептілігінің интернет-ресурсында 6.2.3-тармақтың а), б), d), e) тармақшаларында аталған мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін жариялауға міндетті.

7-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Қоғам акционерінің құқықтары:

- 1) қоғамның істерін басқаруға Қазақстан Республикасының заңдарына және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіпте қатысу;
- 2) дивидендтер алу;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Қоғам жалғыз акционерінің (акционерлерінің жалпы жиналысы) немесе Қоғам Жарғысы белгілеген тәртіпте Қоғамның қаржы есептілігімен танысу, ақпаратты қоспағанда:
 - талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;
 - соңғы үш жыл ішінде қайталап сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);
 - орындалуы акционердің өтініш жасаған күніне жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғамның өткен кезеңдеріне жататын (акционер өтініш берген күнге дейін үш жылдан астам) қызмет түрлеріне жатады;
- 4) орталық депозитарийден немесе нақтылы ұстаушыдан құнды қағаздарға арналған меншік құқығын растайтын үзінділер алу;
- 5) қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционерінің) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткер тұлғаны ұсыну;
- 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;
- 7) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірлесіп, Қоғамның дауыс беруші акцияларының 5 және одан артық пайызына ие болу кезінде, Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғалары келтірген зияндарының орнын толтыру және жасалуына қызығушылық бар болған ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының алған пайдасын (табысын) қайтару туралы талаппен қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына өтініш жасау;
- 8) қызметі туралы жазбаша сұратулармен Қоғамға өтініш жасау және Қоғамда сұрату келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алу;
- 9) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алу;

- 10) қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа құнды қағаздарын басымдықпен сатып алу;
 - 11) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
 - 12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитының жүргізілуін талап ету.
 - 13) акционерлердің жалпы жиналысының осы Жарғыда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.
- 7.2. Осы баптың 7.1 тармағында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
- 7.3. Қоғамның акционерлері міндетті:
- a) акцияларды төлеуге;
 - b) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарий және (немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
 - c) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
 - d) қолданыстағы заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.
- Осы баптың 7.3. b) тармағында белгіленген талапты Акционердің орындамауы салдары үшін Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) нақтылы ұстаушыға жауапкершілік жүктелмейді.

8-БАП. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- 8.1. Қоғамды басқару органдары мыналар болып табылады:
- a) Жоғарғы орган – Қоғамның жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы);
 - b) Басқару органы- Директорлар Кеңесі;
 - c) Атқарушы орган - Басқарма;
 - d) Бақылау органы - Ішкі аудит қызметі.

9-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ (АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ)

- 9.1. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болғанға дейін акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер ғана қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен расталған құқықтарды бұзбайтын және шектемейтін жағдайда ғана қабылданып, жазбаша түрде тіркелуі тиіс.
- 9.2. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 9.3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:
- 1) Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
 - 2) қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері айқындалады;
 - 3) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.
- Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезеңде Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.
- 9.4. Қоғамның жалғыз акционерінің құзыреті.
- 9.4.1. Қоғамның жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:
- a) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакцияда бекіту;
 - b) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - c) Қоғамның ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы және таратылуы;
 - d) Қоғамның жарияланған акциялар санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - e) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгеруін белгілеу;
 - f) басымдықпен сатып алу құқығын қолданбай, қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;
 - g) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
 - h) бір түрдегі орналастырылған акцияларды екінші түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары, мерзімі мен тәртібін белгілеу;
 - i) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеудің шарттарын, мерзімдерін

- және тәртібін айқындау;
- j) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;
 - k) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ өз міндеттерін орындағандары үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
 - l) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - m) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - n) есепті қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - o) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - p) Қоғамның акцияларын ерікті түрде делистингтеу туралы шешім қабылдау;
 - q) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қатысушылар (акционерлер) құрамынан өзге заңды тұлғалардың шығуына немесе Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - r) Қоғамның жалғыз акционеріне (акционерлердің жалпы жиналысы) шешім қабылдау керектігі туралы хабарлау нысанын белгілеу;
 - s) әдістемеге енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер әдістеме Қоғамды құру кезінде бекітілмесе, оны бекіту), қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған рынокта оларды Қоғамның сатып алуы кезінде, акциялардың құнын анықтау;
 - t) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау;
 - u) «Алтын акцияны» енгізу және жою;
 - v) Қоғамның мәміле нәтижесінде бағасы мәміле туралы шешім қабылдаған күні Қоғам активтерінің теңгерімдік құны жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлкті шеттететін (немесе шеттетуі мүмкін) ірі мәміле жасауын қуаттау туралы шешім қабылдау;
 - w) шешім қабылдау қолданыстағы заңнамамен және/немесе Қоғам Жарғысымен жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) ерекше құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
- 9.4.2. Жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер жөнінде шешім қабылдау Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
- 9.4.3. Жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша өзге Қоғам органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 9.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:
- 1) Директорлар кеңесінің;
 - 2) ірі акционердің қатысуымен жүзеге асырылады.
- Ерікті түрде тарату процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.
- 9.6. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу:
- 1) атқарушы орган;
 - 2) қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
 - 3) Директорлар кеңесі;
 - 4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 9.7. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қоғам көтереді. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 9.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Орталық депозитарий қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесі деректерінің негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленуі мүмкін емес.
- 9.9. Акционерлерге ("алтын акцияның" иесіне) акционерлердің алдағы жалпы жиналысы өткізілетіні туралы - күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал оларды өткізу кезінде бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс

- жиналыстар. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.
- 9.10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.
- 9.11. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін:
- 1) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар, Қоғам акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарлау шартымен;
 - 2) Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі оларды енгізуді жақтап дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.
- 9.12. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен кемінде он күн бұрын дайын әрі қолжетімді болуға, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуге тиіс; құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге жұмсалатын шығыстар акционерлердің танысуы үшін Қоғамның атқарушы органының орналасқан егер жарғыда өзгеше көзделмесе, акционер.
- 9.13. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетеньдер берілген күні не сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде бюллетеньдерді беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы және оған дауыс беру, қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленетін адамдар. Акционерлердің өткізілмегенінің орнына қайта өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және егер:
- 1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
 - 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе, тоқтатыла тұрады.
- 9.14. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс. Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген Акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі), кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын Акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және өзі қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
- Егер қоғамның жарғысында немесе акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының шешімінде өзгеше белгіленбесе, оған өзге адамдар шақырусыз қатыса алады.
- Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады.
- Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы (Төралқасы) мен хатшысын сайлауды өткізеді.
- Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жиналысқа қатысқан барлық акционерлер атқарушы органға кіретін жағдайларды қоспағанда, атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жауап береді.

9.15. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мынадай жағдайларды қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу болып табылады;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру арқылы жүзеге асырылады.

Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде акционер дауыстарды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Ең көп дауыс саны берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

9.16. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта - қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл ретте қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуға тиіс:

1) мәселенің тұжырымы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;

2) мәселе бойынша "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны болуға тиіс.

Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

9.17. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысының) ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғам органы.

10.2. Жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімі бойынша Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңі ішінде сыйақы төленеді және/немесе олардың Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшесі қызметін орындауына байланысты шығыстары өтеледі. Мұндай сыйақы және өтемақының мөлшері жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен белгіленеді.

10.3. Директорлар Кеңесінің құзыреті

10.3.1. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

а) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғам дамуының стратегиясын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

б) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

с) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

д) Қоғамның орналастырылған акциялары немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы туралы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

е) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;

- f) заңнамада белгіленген жағдайларда басымдықпен сатып алу құқығы туралы талапты қолданбай қоғамның акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;
 - g) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - h) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - i) Қоғамның облигациялар шығару және шығарылған құнды қағаздар талаптарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
 - j) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ басшыға және басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен талаптарын анықтау;
 - k) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбеқақы және қызметкерлерге сыйақы беру мөлшері мен талаптарын белгілеу;
 - l) аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті үшін көрсетілген қызметіне, сондай-ақ Қоғам акцияларына төлеуге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі немесе ірі мәміле мәні болып табылатын бағалаушының қызметіне төлем жасау мөлшерін белгілеу;
 - m) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында, Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқасы), соның ішінде аукциондарды өткізу және қоғамның құнды қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттар;
 - n) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - o) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сатып алуы (иселіктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
 - p) Заңды тұлғаның жалғыз акционерінің (жалғыз қатысушы)/акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша Қоғамға тиесілі акциялардың он және одан артық пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) бойынша шешім қабылдау;
 - q) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
 - r) Қоғам туралы және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпия ақпараттарды белгілеу;
 - s) ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау, жасалуы туралы шешімді Қоғамның жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда;
 - t) нәтижесінде қоғам активтерінің жалпы баланстық құнының оннан жиырма бес пайызына дейінгі мөлшерде мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле жасау туралы шешім;
 - u) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;
 - v) Жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) айрықша құзыретіне жатпайтын, қолданыстағы заңнамада және осы Жарғыда көзделген өзге мәселелер.
- 10.3.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер оны шешу үшін Қоғам Басқармасына беріле алмайды.
- 10.3.3. Директорлар кеңесі Қоғамның осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.
- 10.4. Директорлар Кеңесінің комитеттері**
- 10.4.1. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:
- 1) стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы беру және әлеуметтік мәселелер.
 - 2) ішкі аудит.
- 10.4.2. Директорлар Кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ие Директорлар кеңесінің мүшелерінен және сарапшылардан тұрады. Директорлар Кеңесінің комитетін Директорлар Кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар Директорлар Кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады. Атқарушы органның басшысы Директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды. Директорлар Кеңесі комитетін қалыптастыру тәртібін және жұмысын, сондай-ақ олардың сандық құрамын Директорлар Кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаты белгілейді.
- 10.5. Директорлар Кеңесінің құрамы. Өкілеттіктер мерзімі**
- 10.5.1. Тек жеке тұлға ғана Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар Кеңесінің мүшесі қолданыстағы заңнамаға және (немесе) Қоғам Жарғысына сәйкес оған жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.
- 10.5.2. Директорлар Кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:
- 1) жеке тұлға – акционерлер;

- 2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
- 3) акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) және Қоғамның акционері болып табылмайтын жеке тұлғалар.
- 10.5.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) сайлайды.
- 10.5.4. Басқарма басшысынан басқа оның мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 10.5.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 адамнан тұруға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына әр акционерден өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) Директорлар кеңесінің кемінде бір мүшесі кіруі тиіс.
- 10.5.6. Директорлар Кеңесінің мүшелері бес жыл мерзімге сайланады. Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз сан рет қайта сайлана алады. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар Кеңесін сайлау туралы жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешім қабылдау сәтінде аяқталады.
- 10.5.7. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.
- 10.5.8. **Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасы**
- 10.5.9. Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.
- 10.5.10. Директорлар Кеңесі өз төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
- 10.5.11. Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысын шақырады және оларда төрағалық етеді, қолданыстағы заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте отырыстардағы хаттамалардың жүргізілуін ұйымдастырады.
- 10.5.12. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.6. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру және отырысын өткізу тәртібі

- 10.6.1. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, немесе мыналардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:
 - a) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі;
 - b) Қоғамның ішкі аудит қызметі;
 - c) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
 - d) Ірі акционер.
- 10.6.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен, Басқармаға өтініш жасауға құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.
- 10.6.3. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.
- 10.6.4. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасау туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары және тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес, бағалаушының (егер Қоғам активтері мөлшерінің он және одан астам пайызы сомасына мүлік сатып алынса немесе иеліктен шығарылса) есеп беруін қамтуға тиіс.
- 10.6.5. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.
- 10.6.6. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі қамтылуға тиіс.
- 10.6.7. Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар Кеңесінің отырысына өзінің қатысуы мүмкін болмайтындығы туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.
- 10.6.8. Егер Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелері санының кемінде жартысы қатысса, Директорлар Кеңесінің отырысы заңды деп есептелінеді. Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауға міндетті.
- 10.6.9. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің отырысқа қатысушы мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде, Директорлар Кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10.3.1-тармақтың а), с)-и) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері. Жарғыны, сондай-ақ Қоғамның Басшысы төрағасы және Басқарма мүшелеріне сыйлықақы төлеу мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан барлық мүшелері бірауыздан қабылдануы тиіс.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша бірауыздан шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Директорлар кеңесінің қайталама отырысы өткізіледі.

Бұл ретте «Қолдау» деп дауыс бермеген Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің алғашқы отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсыныстары бар осындай шешімнің дәлелді негіздемесін береді. оларды шешу мүмкіндігі туралы. Осыдан кейін Директорлар кеңесінің отырысы өткен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей қайта отырыс өткізіледі, онда шешім қатысушылардың білікті көпшілік (3/4) даусымен қабылданады. отырысқа қатысқан директорлар кеңесінің мүшелері.

Директорлар кеңесінің қайталама отырысында кворумға қол жеткізілмеген жағдайда, Директорлар кеңесінің қайталама отырысы өткізілген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей қорытынды үшінші отырыс өткізіледі, онда шешім қабылданады. отырысқа қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

- 10.6.10. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу бәрі қатысатын немесе сырттай нысандарда көзделеді. Бәрі қатысатын нысан отырыстарға бірлесіп қатысу арқылы, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, телефон арқылы конференц-байланыс немесе өзге байланыс құралы арқылы іске асырылады. Осылайша қатысып отырған тұлға, отырысқа жеке өзі қатысып отыр деп есептелінеді және осы Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумды анықтау кезінде есепке алынуға құқығы бар болады. Бұл ретте, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.
- 10.6.11. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзіннің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 10.6.12. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі қарауға берген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 10.6.13. Сырттай дауыс беру кезінде, дауыс беруге арналған бюллетеньдер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень мәжіліс өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау уақытына кемінде бес күннен кешіктірілмей, алушыға жіберілуге тиіс. Дауыс беру бюллетенінде дауыс беру тәртібі түсіндірілуі тиіс.
- 10.6.14. Бюллетеньдерде белгіленген мерзім ішінде алынған кворум бар болған кезде, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп танылады.
- 10.6.15. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен Төрағасы қолдарын қоюлары керек. Шешімді ресімдегеннен кейін, жиырма күн ішінде ол шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді қоса тіркеу арқылы Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуге тиіс.
- 10.6.16. Бәрі қатысып өткізілген тәртіптегі отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысты өткізу күнінен бастап үш күн ішінде отырысқа төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы жасауға және қолдарын қоюға және мыналарды қамтуға тиіс:
 - a) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
 - b) Отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
 - c) Отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
 - d) Отырыстың күн тәртібі;
 - e) Дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсету арқылы, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - f) Қабылданған шешімдер;
 - g) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.
- 10.6.17. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және Қоғамның директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.
- 10.6.18. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамаларын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін, танысуы үшін ұсынуға міндетті және (немесе) оған Қоғамның мөрі қойылған қоғамның уәкілеттік берілген қызметкерінің қолымен расталған шешімдер мен хаттамалардың үзінділерін беруге міндетті.
- 10.6.19. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе заңнамамен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.
- 10.6.20. Егер көрсетілген шешімде Қоғамның және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Акционер заңнаманың немесе осы Жарғының талаптарын бұзу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімді сотта даулауға құқылы.

11-БАП. АТҚАРУШЫ ОРҒАН

- 11.1. Қоғамның ағымдағы қызметінің басшылығын алқалық атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.
- 11.2. Қоғам Басқармасын құру және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 11.3. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы жарғымен қоғамның басқа органдары және лауазымды тұлғаларының уәкілеттігіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 11.4. Басқарма шешімдері мәжіліске қатысушы Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстардың теңдігі жағдайында Басқарма Төрағасының даусы шешуші болып табылады.
- 11.5. Қоғамның басқарма мүшелерінің Дауыс құқығын өзге тұлғаларға, соның ішінде Қоғам басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.
- 11.6. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қоғам Басқармасы мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде олардың қоғам Басқармасы мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығындары өтеледі және/немесе сыйақы төленеді. Мұндай өтемақы және сыйақылардың мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.
- 11.7. Басқарма жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 11.8. Оларға қатысты veto құқығы белгіленген мәселелер бойынша Басқарма шешімдері «алтын акция» иесімен келісілуге тиіс.
- 11.9. Егер тараптар мәміле жасау сәтінде мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, қоғам белгілеген шектеулерді бұзу арқылы Басқарма жасаған мәміленің заңды күшін даулауға құқылы.
- 11.10. Акционерлер және Қоғам акционерлері болып табылмайтын оның қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.
- 11.11. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Қоғамның Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының немесе атқарушы органның функцияларын дара жүзеге асыратын адамның, басқа заңды тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

11.12 Басқарманың құзыреттері:

- 11.12.1. Басқарманың құзыретіне Қоғам қызметін қамтамасыз етумен байланысты мәселелер, сонымен қатар осы Жарғымен Директорлар кеңесінің және жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) айрықша құзыретіне жатқызылмаған барлық өкілеттіктер кіреді, олар төменде келтірілген:
 - a) Қоғамның қызметін ұйымдастыру, есепке алу және есептілігін, ішкі бақылауды, тәуекел-менеджментті ұйымдастыру мәселелерін қарайды;
 - b) Қоғам қызметтерінің және бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді және Қоғамның міндеттерін, атқаратын қызметтері мен өкілдіктерін анықтайтын ішкі құжаттарды бекітеді;
 - c) Қоғамның қызметкерлер құрамын іріктеу, орналастыру, дайындау және қайта даярлау мәселелерін шешеді;
 - d) Қоғамның жылдық бюджетін, жылдық жұмыс жоспарларын, қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларын жасайды;
 - e) Қоғамның диверсификация нормаларын, пруденциалды нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге нормаларды сақтау мониторингін жүзеге асырады;
 - f) Қоғамның кредит алу туралы шешімдерін қабылдайды;
 - g) Қоғамның аудиторуна қажетті ақпаратты береді және Қоғамның сыртқы және ішкі аудитінің материалдарын қарайды;
 - h) Директорлар кеңесіне және қоғамның акционерлеріне қаржылық және басқару есептілігін ұсынады;
 - i) Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
 - j) Жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11.13 Басқарма құрамы. Өкілеттік мерзімі.

- 11.13.1. Басқарманы ашық дауыс беру кезінде қарапайым көпшілік даусымен жеке тұлғалар қатарынан Директорлар Кеңесі сайлайды.
- 11.13.2. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Директорлар Кеңесі бекіткен Басқарма туралы Ережемен белгілене алады.
- 11.13.3. Басқарма кемінде үш мүшеден тұрады.
- 11.13.4. Басқарма мүшелері бес жыл мерзімге сайланады. Басқармаға сайланған тұлғалар шектелмеген мәрте қайта тағайындала алады. Басқарма өкілеттіктерінің мерзімі жаңа Директорлар Кеңесі сайлайтын, оны өз кезегінде жаңа Басқарма сайлайды, жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешім қабылдаған күні аяқталады.
- 11.13.5. Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Басқарманың барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері кез келген негіздеме бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

- 11.13.6. Қоғам Басқармасы мүшесінің өкілеттігін оның өзінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату қоғамның Директорлары кеңесіне жазбаша мәлімдеме жіберу арқылы кез келген уақытта жүзеге асырылады. Басқарманың мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесі аталған мәлімдемені алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 11.13.7. Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Басқарманың жаңа мүшесін сайлау Директорлар Кеңесінің қарапайым көпшілік даусымен жүзеге асырылады, бұл ретте Басқарманың жаңа сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Басқарманың өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір уақытта тоқтатылады.
- 11.13.8. Басқарма отырыстары қажет болған жағдайда, Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасымен шақыртылады.
- 11.13.9. Қоғамның Басқарма шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарманың барлық мүшелері қол қоюға тиіс және дауыс беруге қойылған мәселелерді, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесін көрсету арқылы олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтуға тиіс.
- 11.13.10. Қоғамның Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

11.14 Қоғам Басқармасының басшысы - Басқарма Төрағасы.

11.14.1. Қоғам Басқармасының басшысы - Басқарма Төрағасын Директорлар Кеңесі Басқарма мүшелерінің арасынан бес жыл мерзімге тағайындайды.

11.14.2. Басқарма Төрағасы:

- a) жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- b) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- c) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның мүддесін көрсетуге сенімхат береді;
- d) қаржы, төлем және басқа құжаттарына бірінші қол қою құқығы бар;
- e) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекқақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерді және қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда;
- f) Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне қажетті өзгерістер мен қайта құруларды жүзеге асырады;
- g) өзі орнында болмаған жағдайда өз міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- h) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі;
- i) Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесі берген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 12.1. Қаржы-шаруашылық қызметке бақылау жасауды жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылған.
- 12.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар Кеңесінің немесе Басқарма құрамына сайлана алмайды.
- 12.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.
- 12.4. Ішкі аудит қызметінің қызметі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызмет туралы Ережемен реттеледі.

13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚОҒАМҒА АҚПАРАТ БЕРУІ

- 13.1. Қоғам аффилиирленген тұлғалары немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде олардың есебін жүргізеді.
- 13.2. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мынадай көлемде ақпарат ұсынады:
 - 13.2.1. Жеке тұлғалар туралы
 - a) Тегі Аты Әкесінің аты (бар болғанда)
 - b) жеке басын куәландыратын құжат деректері жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер;
 - c) туылған күні
 - d) аффилиирлігін тану үшін негіздемелер
 - e) аффилиирлігі туындаған күн
 - f) ескертулер
 - 13.2.2. Занды тұлғалар туралы:

- a) заңды тұлғаның толық атауы
- b) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, заңды тұлғаның почта мекенжайы және нақты орналасқан жері
- c) аффилиирлігін тану үшін негіздемелер
- d) аффилиирлігі туындаған күн
- e) ескертулер

13.3. Қоғамның акционерлері мен аффилиирленген тұлғалары тұлғаларды аффилиирленген деп тану үшін үшін негіздеме пайда болған (айрылған) күннен немесе акцияларды иеленген (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасаған) күннен бастап 7 күн ішінде аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат береді.

14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ.

АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

14.1. Қоғамның қаржылық есептілігі

- 14.1.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін құру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.
- 14.1.2. Басқарма жыл сайын жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысына) талқылау және бекіту үшін өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа Басқарма акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есеп беруді ұсынады.
- 14.1.3. Директорлар кеңесі жылдық қаржылық есептілікті, оны жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) бекіту күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, алдын ала бекітуге тиіс.
- 14.1.4. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) іске асырады.
- 14.1.5. 14.1.5. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.
- 14.1.6. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес, жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында ашылып оқылады, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционерге (акционерлердің жалпы жиналысы) және инвесторларға хабарланады. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан артық пайызы сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, жұмысқа тартылған тұлғалардың сипаты мен қатысу үлестерінің көлемі, сондай-ақ мәміле туралы өзге мәліметтерді қамтуға тиіс.

14.2. Қоғамның аудиті

- 14.2.1. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.
- 14.2.2. Қоғамның аудиті Директорлар Кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе ірі акционердің талап ету бойынша оның есебінен өткізіле алады.
- 14.2.3. Егер Қоғамның Басқармасы Қоғамның аудитін жүргізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

14.3. Қоғамның ақпаратты жария етуі

- 14.3.1. Қоғам «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпараттарды жариялауға міндетті.

14.4. Қоғамның құжаттары

- 14.4.1. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттары Қоғамның жұмыс істеген бүкіл мерзімі ішінде Қоғамның Басқармасы орналасқан жерде сақталуға тиіс.
- 14.4.2. Мынадай құжаттар сақталуға тиіс:
 - a) Қоғамның жарғысы, Қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - b) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
 - c) құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай шартына (жалғыз құрылтайшының шешіміне) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - d) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
 - e) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекет жасауға алған лицензиялары;
 - g) Қоғамның бағалы қағаздарды шығару проспектілері;
 - h) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындалары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

- i) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
 - j) жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешімдері, күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
 - k) Директорлар Кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары, Директорлар Кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар; акционерлердің Жалпы жиналысың өткізу үшін табыс етілген акционерлер тізімі;
 - l) Басқарма отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;
 - m) егер бар болса, корпоративтік басқару кодексі.
- 14.4.3. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.
- 14.4.4. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам, қолданыстағы заңнамада көзделген және осы Жарғымен немесе жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешімімен белгіленген тәртіпте, бірақ мұндай талаптың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей, оған құжаттардың көшірмесін ұсынуға міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.
- 14.4.5. Қоғам акционердің талабы қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей мынадай шарттардың ең болмағанда біреуі болған кезде құжаттардың көшірмелерін беруден бас тартуға құқылы:
- 1) акционер талап қойған күнге сұратылған құжаттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы және Акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған;
 - 2) акционердің оны беру туралы бірінші талабын қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, құжат соңғы үш жыл ішінде қайтадан сұратылады;
 - 3) орындалуы акционердің талаппен жүгінген күніне жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (талаппен жүгінген күнге дейін үш жылдан астам) жатады;
 - 4) орындалуы тұлғаның қоғам акцияларын иеленуі кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (Тұлға Қоғам акцияларын сатып алған күнге дейін он екі айдан астам) жатады (бұл норма қоғамға өтініш жасаған күнге дейін он екі айдан ерте емес қоғамның акционері болған тұлғаларға қолданылады).;
- 14.4.6. Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Басқарма белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.
- 14.4.7. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау, шығару, орналастыру, айналысқа салудың кейбір мәселелерін реттейтін құжаттар акционердің талап етуі бойынша оған танысу үшін ұсынылуға тиіс.

15-БАП. ЖҰМЫСЫ РЕЖИМІ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

- 15.1. Қоғам жұмысының режимін Басқарма белгілейді.
- 15.2. Қоғам қызметкерлерін белгіленген тәртіпте Басқарма Төрағасы немесе Басқарма Төрағасы уәкілеттік берген Басқарманың басқа мүшесі жұмысқа алады, лауазымнан ауыстырады және жұмыстан босатады. Қоғам қызметкерлері Қоғаммен жеке еңбек шартына (келісім-шартына) отырады және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген ережелерді сақтауға және құпия ақпараттарды жарияламауға келісімдерін береді.
- 15.3. Жалдау және босату, еңбек және демалыс режимі, еңбек ақы төлеу жағдайлары, кепілдіктер мен өтемақылар жағдайларын қоса алғанда, өндістірік және еңбек қатынастары, жеке еңбек шартымен (келісім-шартпен) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.
- 15.4. Қоғам қолданыстағы заңдар талабын ескере отырып, өз қызметін қамтамасыз етудегі барлық кадр мәселелерін жеке өзі шешеді, ұйымдастыру нысаны мен еңбекті материалды түрде ынталандыруды, тарифтік мөлшерлеменің және еңбек ақының мөлшерін, жұмысшылардың үстемақыларын, төлем ақыларды және төлемдердің жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын жылсайынғы, төленетін және басқа да демалыстардың берілу тәртібі мен көлемін белгілейді.

16-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

16.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру


- 16.1.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп алу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

- 16.1.2. Бөліну немесе бөліп алу арқылы Қоғам қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылатын Қоғамның кредит берушілері осы Қоғам борышкер болып табылатын міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.
- 16.1.3. Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оның акцияларын шығарудың күші жойылуға тиіс.

16.2. Қоғамды тарату

- 16.2.1. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, кредит берушілермен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайды.
- 16.2.2. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, Қоғамды мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады.
- 16.2.3. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.
- 16.2.4. Соттың немесе жалғыз акционердің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
- 16.2.5. Тарату комиссиясы Қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-әрекет жасау өкілеттіктеріне ие болады.
- 16.2.6. Ерікті түрде тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредит берушілерінің өкілдері, ірі акционердің өкілдері, сондай-ақ жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) шешіміне сәйкес өзге тұлғалар енгізілуге тиіс.
- 16.2.7. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредит берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.
- 16.2.8. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.
- 16.2.9. Таратылатын Қоғамның кредит берушілерінің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін акционерлер арасында бөлуді тарату комиссиясы мынадай кезектілікпен жүзеге асырады:
- бірінші кезекте – Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес сатып алынуға тиіс болатын акциялар бойынша төлемдер;
 - екінші кезекте - айрықша акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу;
 - үшінші кезекте - жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу;
- 16.2.10. Қалған мүлік, Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, барлық акция иелерінің арасында оларға тиесілі акциялардың санына барабар бөлінеді.
- 16.2.11. Әрбір кезектің талабы алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.
- 16.2.12. Егер таратылатын Қоғамның мүлкі есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді төлеуге және айрықша акциялардың құнын өтеуге жеткіліксіз болса, аталған мүлік түгелдей осы санаттағы акционерлер арасында, оларға тиесілі акциялардың санына барабар бөлінеді.

АО «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ-ның Акционерлердің жалпы жиналысының атынан және оның тапсырысы бойынша



АО «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»

АҚ-ның Басқарма төрағасы

Чакалиди Илья Владимирович

Настоящий Устав Акционерного общества «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» (далее «Общество») определяет правовой статус, порядок создания, деятельности, формирования и компетенцию органов управления Общества, условия реорганизации и ликвидации Общества, другие вопросы, связанные с его деятельностью.

СТАТЬЯ 1. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

1.1. Официальное наименование Общества:

Полное наименование:

- на государственном языке – «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» Акционерлік Қоғамы;
- на русском языке - Акционерное общество «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;
- на английском языке – Joint Stock Company «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;

Сокращенное наименование:

- на государственном языке – «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ;
- на русском языке - АО «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»;
- на английском языке – JSC «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)».

1.2. Место нахождения Общества и его исполнительного органа: Республика Казахстан, 050059, город Алматы, Бостандыкский район, пр. Аль Фараби, 17, блок 4Б, офис 705.

1.3. Срок деятельности Общества не ограничен.

СТАТЬЯ 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

- 2.1. Общество является правопреемником Акционерного общества «Tengri Capital MB».
- 2.2. Общество является коммерческой организацией, выпускающей акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности.
- 2.3. Общество является юридическим лицом, созданным согласно законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом, внутренними положениями, принятыми в установленном порядке, решениями единственного акционера (общего собрания акционеров) и других органов управления Общества, принятыми в пределах их компетенции в установленном порядке.
- 2.4. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, и не отвечает по их обязательствам. Общество несет ответственность по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.
- 2.5. Участники общества (акционеры) не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций.
- 2.6. Общество вправе размещать свои акции посредством аукциона и/или подписки после государственной регистрации их выпуска. Акционеры общества вправе отчуждать принадлежащие им акции без согласия других акционеров.
- 2.7. Число акционеров общества не ограничено.
- 2.8. Общество вправе учреждать дочерние и зависимые общества и товарищества, филиалы, представительства, совместные предприятия на территории Республики Казахстан и за рубежом в соответствии с законодательством по месту их открытия; вступать в другие общества и хозяйственные товарищества и другие коммерческие и некоммерческие организации путем приобретения долей участия и акций и любым другим способом, не противоречащим законодательству Республики Казахстан.
- 2.9. Общество имеет самостоятельный баланс, печать, счета в банках, в том числе валютные. Общество имеет свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Обществом и в случаях, когда это необходимо, регистрируются в установленном законодательством порядке.
- 2.10. Общество имеет право пользоваться кредитами как в национальной, так и иностранной валюте, в соответствии с установленным законом порядком.
- 2.11. Общество вправе от своего имени совершать любые сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде и третейском суде.
